ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 26 шілде № 7119-24-00-2/8881 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:

Төрағалық етуші судья А.С.Искалиева,

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«Арапова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Роза Нурхановна Арапова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4 бабын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының жауапкер «Арапова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Роза Нурхановна Арапованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Арапова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Роза Нурхановна Арапова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Арапова» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Роза Нурхановна Араповадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 26.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Искалиева А. С., 03.09.2024
7119-24-3-1/8190
ҰЛТТЫҚ НЕЙРОХИРУРГИЯ ОРТАЛЫҒЫ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
Кіріс № 1185
08 10 24
Парақ саны 2

алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 26.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.09.2024, судья Искалиева А. С., 03.09.2024